

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің білім беру қызметін лицензиялау, білім беру мекемелерін аттестаттау және аккредиттеу саласындағы жұмыстарды үйлестіру туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 шілдедегі N 766 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2001 жылғы 29 қарашада Мәскеу қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің білім беру қызметін лицензиялау, білім беру мекемелерін аттестаттау және аккредиттеу саласындағы жұмыстарды үйлестіру туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

*Премьер-Министри*

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің білім беру қызметін лицензиялау, білім беру мекемелерін аттестаттау және аккредиттеу саласындағы жұмыстарды

**үйлестіру**

**тұралы**

## **КЕЛІСІМ**

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің Үкіметтері, бұдан әрі - Тараптар,

1992 жылғы 15 мамырдағы Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің ережелерін және 1997 жылғы 17 қантардағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының бірыңғай (ортак) білім беру кеңістігін қалыптастыру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді басшылыққа ала отырып,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер арасындағы білім беру саласындағы тығыз байланысты ескере отырып,

білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін бірыңғай көзқарастарды қалыптастыруда және білім беру сапасын қамтамасыз етудің мемлекетаралық жүйесін жасауда Тараптардың өзара іс-қимылдының қажеттілігін тани отырып,

төмендегілер туралы келісті:

### **1-бап**

Тараптар білім беру сапасын қамтамасыз етудің бірыңғай талаптарын белгілеу үшін шараларды қабылдайды және білім беру қызметін лицензиялау, білім беру мекемелерін аттестаттау және аккредиттеу саласындағы келісілген қағидаттарды ұстанады.

### **2-бап**

Тараптар сапалы білім беруді қамтамасыз етуде бірыңғай талаптарды белгілеу мақсатында :

білім беру қызметін лицензиялау, білім беру мекемелерін аттестаттау және аккредиттеу саласындағы ұлттық заңнаманы және өзге де нормативтік кесімдерді жақындастыруға қатысты шараларды қабылдайды;

Тараптар мемлекеттерінің білім беру қызметін лицензиялау, білім беру мекемелерін аттестаттау және аккредиттеу саласындағы өзара іс-қимыл мәселелері жөніндегі қажетті нормативтік құқықтық базаны қалыптастырады.

### **3-бап**

Тараптар білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі білім беру мекемелеріне білім беру қызметін лицензиялауды жүргізуге, білім беру мекемелерін аттестаттау және аккредиттеуге қойылатын талаптарды әзірлеу кезінде, сондай-ақ аккредиттелінген білім беру мекемелерінің (аккредиттеу рәсімдерін жүргізу заңнамаларында көзделмеген мемлекеттер үшін - аттестатталған) деректер банкін құру кезінде өзара іс-қимыл жасайды.

### **4-бап**

**Тараптар ұлттық заңнамаға сәйкес:**

білім беру қызметін лицензиялау, білім беру мекемелерін аттестаттау және аккредиттеу туралы нормативтік құқықтық база мен әдістемелік құжаттарға өзара қол жетімділікті қамтамасыз етеді;

білім беру қызметін лицензиялау, білім беру мекемелерін аттестаттау және аккредиттеу саласындағы бірлескен жобаларды іске асыру тетігін белгілейді;

Тараптар мемлекеттерінің білім беру мекемелеріне бірлесіп аттестаттау және аккредиттеу жүргізуге жәрдемдеседі.

### **5-бап**

Осы Келісімді іске асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің білім беру саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кенес жүзеге асырады.

### **6-бап**

Осы Келісімнің ережелерін орындауға жауапты Тараптар мемлекеттерінің орталық білім беруді басқару органдары болып табылады.

### **7-бап**

Осы Келісім Тараптардың олардың қатысушылары болып табылатын Тараптар мемлекеттерінің басқа да халықаралық шарттардан туындастын құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

### **8-бап**

Осы Келісімді қолдану мен түсіндіруге байланысты даулы мәселелер мұдделі Тараптардың консультациялары және келіссөздері жолымен шешіледі.

### **9-бап**

Осы Келісім, оған оның ережелерін танитын басқа да мемлекеттерді қосу үшін, мұндай қосылу туралы құжаттарды депозитарийге беру жолымен ашық.

## **10-бап**

Осы Келісім оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы үшінші хабарламаны депозитарий алған күнінен бастап күшіне енеді. Мемлекетішлік рәсімдерді кейіннен орындаған Тараптар үшін ол тиісті құжаттарды депозитарийге тапсырған күнінен бастап күшіне енеді.

## **11-бап**

Осы Келісімге Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Келісімнің 10-бабында белгіленген тәртіпке сәйкес күшіне енетін Хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## **12-бап**

Осы Келісім оның күшіне енген күнінен бастап бес жыл бойы қолданылады және, егер Тараптар өзге шешім қабылдамаса, келесі бесжылдық кезеңдерге өздігінен ұзартылатын болады.

## **13-бап**

Кез келген Тарап осы Келісімнен шығуына алты ай қалғанға дейін осы туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жолдай отырып шығуы мүмкін.

2001 жылғы 29 қарашада Мәскеу қаласында бір тұпнұсқа данада орыс тілінде жасалды. Тұпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол оның күәландырылған көшірмесін осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке жібереді.

*Әзербайжан Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Үкіметі үшін*

*Армения Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Молдова Республикасының*

*Ресей Федерациясының*

*Беларусь Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Тәжікстан Республикасының*

*Грузия*

*Үкіметі үшін*

*Түркіменстан Республикасының*

*Қазақстан Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Өзбекстан Республикасының*

*Қыргызстан Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Украина Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Үкіметі үшін*